

ӘОЖ 81 23:811.512.122; МҒТАР 16.01.11
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.09>С.А. КЕНЖЕҒАЛИЕВ¹, Д.К. АЙТЖАН², К.С. КАЛЫБЕКОВА³¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессорЕ.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: Sayan582@mail.ru²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: dauletk8574@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент

А.С. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: kalam09@mail.ru

ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдардың сипаты жан-жақты қарастырылады. Әр халықтың өмір сүрген дәуіріне орай қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, ырым-жоралғылары, салт-дәстүрі болады, сол сияқты, қазақ ұлтының да ерте кезде қалыптасып болған мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Сондықтан әр халықтың бейвербалды амалдары сол ұлттың дүниетанымымен мәдениетімен байланысып жатады. Қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты, бейвербалды амалдардан да ұлттық ерекшелік көрініс береді. Ұлттық-мәдени негізді бейвербалды амалдардың семантикалық астарында сол халық өмірінің барлық қыр-сыры сақталған. Сондықтан ұлттық-мәдени негізі бар бейвербалды амалдар этносымыздың ділдік ерекшелігін сіңірген ең басты деген мәдени байлығымызға жатады. Осындай ерекшеліктеріне байланысты қазақ халқының дәстүрлік бейвербалды амалдары танымдық (когнитивтік) тіл білімінің, этнолингвистиканың нысаны ретінде қаралып жүр. Себебі, бейвербалды амалдардың, оның ішінде дәстүрлік бейвербалды амалдардың семантикасы жайдан-жай қалыптаспайды. Ондағы семантика халықтық ойлау жүйесімен, дүниетанымымен байланысып, белгілі бір символдық мәнге ие болады. Сөйтіп, тұтас бір ұлттың тіл қолданудағы тәжірибесі негізінде орнығып, коммуникативтік сипат алады. Кейін келе дыбысталу формасы жағынан да тұрақтап, фразеологизмдерге айналады. Яғни белгілі бір ақпараттық ауқымы бар ұлттық код есебінде қалыптасады.

Сонымен қатар, мақалада ұлттық дәстүрге негізделген бейвербалды амалдардың көбі халықтың белгілі бір замандардағы діни сенімімен байланысы талданды. Осындай наным-сенімнен халық арасында ырымдар қалыптасады. Мұндай ырымдардың да көпшілігі бейвербалды амалдармен ажырамастай бірлікте қаралады. Сондықтан ұлт дүниетанымын тануда халқымызға тән салт пен рәсім-жоралғыларға қатысты бейвербалды амалдарды зерттеуде ырым мен тыйымдардың орны ерекше. Дәстүрлік бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді. Зерттеуде бейвербалды амалдардың астарында ұлт мәдениеті, таным-түсінігі жататындығы анықталды.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Кенжеғалиев С.А., Айтжан Д.К., Калыбекова К.С. Қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдар // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 101–115. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.09>

***Cite us correctly:**

Kenjegaliev S.A., Aitjan D.K., Kalybekova K.S. Qazaqy dasturdegi beiverbaldy amaldar [Nonverbal Actions in the Kazakh Tradition] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 101–115. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.09>

Бейвербалды амалдарды ұлттық код есебінде қарастыруымыздың себебі осыған байланысты. Ұлттық бейвербалды амалдардың барлығында да қоршаған әлемді танудың үлгісі, бейнелі ақпараттар болатындығы айқындалды.

Кілт сөздер: бейвербалды амалдар, мәдениет, дәстүр, символ, коммуникация, аялық білім.

S.A. Kenzhegalyev¹, D.K. Aitzhan², K.S. Kalybekova³

*¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Karaganda Buketov University*

(Kazakhstan, Karaganda), e-mail: Sayan582@mail.ru

*²PhD Doctoral Student of Karaganda Buketov University
(Kazakhstan, Karaganda), e-mail: dauletk8574@mail.ru*

*³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
A. Saginov Karaganda Technical University
(Kazakhstan, Karaganda), e-mail: kalam09@mail.ru*

Nonverbal Actions in the Kazakh Tradition

Abstract. This article comprehensively examines the nature of nonverbal techniques in the Kazakh tradition. Each nation has its own way of life and customs, rituals and traditions that were formed in accordance with the era in which it lived. Therefore, the nonverbal techniques of each nation are associated with the worldview and culture of this people. In addition to linguistic means of communication, nonverbal techniques also reflect national differences. All the features of the life of this people are preserved against the semantic background of non-verbal techniques based on a national-cultural basis. Therefore, nonverbal techniques that have a national-cultural basis belong to our cultural wealth, which has absorbed the features of the mentality of our ethnic group. Due to these features, the traditional nonverbal techniques of the Kazakh people are considered as a form of cognitive linguistics and ethnolinguistics. This is due to the fact that the semantics of nonverbal techniques, including traditional nonverbal techniques, are not formed simply. Semantics in it is connected with the people's system of thinking and worldview and acquires a certain symbolic meaning. Thus, based on the experience of an entire nation in the use of language, it is consolidated and acquires a communicative character. In the future, pronunciation becomes stable in form and is transformed into phraseological units. Thus, a national code with a certain information range is formed.

In addition, the article analyzes the connection of many non-verbal techniques based on national traditions with the religious beliefs of the people at certain times. Superstitions are formed from such beliefs among the people. Most of these rituals are considered to be inextricably linked with non-verbal techniques. That is why superstitions and prohibitions occupy a special place in the study of non-verbal techniques related to customs and rituals characteristic of our people and in the recognition of the nation's worldview. Traditional nonverbal techniques are not limited to providing additional information during a communicative act, but also inform about the worldview and knowledge of communicants. The study found that the background of nonverbal techniques lies in the culture and knowledge of the nation. It is for this reason that we consider them (non-verbal techniques) as the national code above. It was determined that all national nonverbal techniques contain visual information and a model of familiarization with the surrounding world.

Keywords: nonverbal techniques, culture, tradition, symbol, communication, background knowledge.

С.А. Кенжеғалиев¹, Д.К. Айтжан², К.С. Калыбекова³

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова
(Казахстан, г. Караганда), e-mail: Sayan582@mail.ru

²PhD докторант Карагандинского университета имени Е.А. Букетова

(Казахстан, г. Караганда), e-mail: dauletk8574@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент

Карагандинский технический университет имени А.С. Сагинова
(Казахстан, г. Караганда), e-mail: kalam09@mail.ru

Невербальные приемы в казахской традиции

Аннотация. В данной статье комплексно рассматривается природа невербальных приемов в казахской традиции. Каждый народ имеет свой быт и обычаи, обряды и традиции, которые формировались в соответствии с эпохой, в которой он жил, так и у казахской нации есть культура, обычаи и традиции, которые были сформированы в ранние времена. Поэтому невербальные приемы каждого народа связаны с мировоззрением и культурой этого народа. Как и языковые средства общения, невербальные приемы отличаются национальным своеобразием. Все особенности жизни этого народа сохраняются на смысловом фоне невербальных приемов, основанных на национально-культурной основе. Поэтому невербальные приемы, имеющие национально-культурную основу, относятся к нашему культурному богатству, вобравшему в себя черты менталитета нашего этноса. В силу этих особенностей традиционные невербальные приемы казахского народа рассматриваются как форма когнитивной лингвистики и этнолингвистики. Это связано с тем, что семантика невербальных приемов, в том числе традиционных невербальных приемов, не формируется просто. Семантика в нем связана с народной системой мышления и мировоззрения и приобретает определенное символическое значение. Таким образом, на основе опыта целой нации в использовании языка он закрепляется и приобретает коммуникативный характер. В дальнейшем произношение становится устойчивым по форме и преобразуется во фразеологизмы. Тем самым формируется национальный код с определенным информационным диапазоном.

Кроме того, в статье проанализирована связь многих невербальных приемов, основанных на национальных традициях, с религиозными верованиями народа в определенные времена. Из таких верований в народе формируются суеверия. Многие из таких суеверий рассматриваются в неразрывном единстве с невербальными приемами. Поэтому в познании мировоззрения нации особое место отводится суевериям и запретам в изучении невербальных приемов, касающихся обычаев и ритуалов, присущих нашему народу. Традиционные невербальные приемы не ограничиваются предоставлением дополнительной информации в ходе коммуникативного акта, но и информируют о мировоззрении и знаниях коммуникантов. В ходе исследования было установлено, что подоплека невербальных приемов лежит в культуре и знаниях нации. Именно по этой причине мы рассматриваем их (невербальные приемы) в качестве национального кода. Было определено, что все национальные невербальные приемы содержат визуальную информацию и модель ознакомления с окружающим миром.

Ключевые слова: невербальные приемы, культура, традиция, символ, коммуникация, фоновые знания.

Кіріспе

Қай халықтың тілін алып қарайтын болса да, ақпарат алмастыру көзі ретіндегі қарым-қатынас жасасу тек дыбыстап сөйлесуден ғана емес, одан да басқа түрлі амал-тәсілдер

арқылы жүзеге асырылатынын осы бағытта зерттеу жұмысын жүргізіп, нақты да дәлелді тұжырымдарға келген тілші-ғалымдардың пікірі жоққа шығармайды. Осыдан барып тіл білімі ғылымында паралингвистика ғылымының қалыптасқаны белгілі. Паралингвистика – тілден тыс, яғни тілдің айналасында жүзеге асып, қарым-қатынас жасауға және сол арқылы ақпарат алмастырысуға көмекші құрал ретінде ықпал ететін амал-тәсілдерді зерттейтін ғылым. Бұл – жаңаша терминге берген субъективті анықтамамыз емес, осы турасында жұмыс жасап, ғылыми құндылығы жоғары зерттеу еңбектеріндегі ұсынылып жүрген пікір-тұжырымдар жиынтығынан шығатын қорытынды.

Бейвербалды амалдар паралингвистиканың нысаны бола отырып, тілдік қарым-қатынастың көмекші құралы ретінде танылады. Тіпті тілдің шығуы және қалыптасуы жайындағы еңбектерде қазірде біздің «көмекші құрал» деген атау беріп жүрген бейвербалды амалдардың тілден бұрын пайда болғандығы жайлы да ұтымды пікірлер көптеп келтіріліп жүр. Қалай десек те, бұл бейвербалды амалдардың қоғамдағы коммуникативтік маңызы жоғары екендігі күмән тудырмайды. Кей жағдайларда, әдетте, «көмекші құрал» ретінде танылып жүрген қарым-қатынасқа қатысатын тілден тыс амал-тәсілдердің ешбір сөздің қатысуынсыз-ақ коммуникативтік акт үдесінен шығып жататыны бар.

Бейвербалды амалдар адамдар арасындағы коммуникативтік актіні жүзеге асыра отырып, тіл білімі ғылымының әр саласымен тығыз байланысып жатады. Мәселен, қарым-қатынас жасасу кезінде адамдардың түрлі қимыл-қозғалыстарының жалпылық сипатына қарай әлеуметтік лингвистикамен, сондай-ақ мұндай паратілдік құралдардың қабылдану ерекшелігі жағынан психолінгвистикамен, ал ділдік, яғни менталдық сипаты жағынан когнитивтік лингвистикамен, қарым-қатынас жасасу құралы ретінде тілдік қатынас теориясымен, мәдени ерекшеліктеріне қатысты лингвомәдениеттанумен, дәстүрлік ерекшеліктеріне орай этнолингвистика және этнографиямен, т.б. пәндермен ішінара шектеседі.

Зерттеу әдістері

Мақала қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдарды зерттеуге арналғандықтан, тілдік факторларды белгілеудегі негізге алынған сипаттамалы әдіс, интерпретация әдісі, қарым-қатынастағы параамалдардың ұлттық және әмбебаптық ерекшелігін нақтылау үшін салғастырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, этнолингвистикалық, бақылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында контекстік және семантикалық талдау, салыстыру, тарқату әдістері де қолданылды. Қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдардың сипатын ашуда ғылыми әдебиеттер мен көркем мәтіндер пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Бейвербалды амалдар адамдар арасындағы коммуникативтік актіні жүзеге асыра отырып, тіл білімі ғылымының әр саласымен тығыз байланысып жатады. Мәселен, қарым-қатынас жасасу кезінде адамдардың түрлі қимыл-қозғалыстарының жалпылық сипатына қарай «әлеуметтік лингвистикамен», сондай-ақ мұндай паратілдік құралдардың қабылдану ерекшелігі жағынан «психолінгвистикамен», ал ділдік, яғни менталдық сипаты жағынан «когнитивтік лингвистикамен», қарым-қатынас жасасу түрі ретінде «тілдік қатынас теориясымен», мәдени ерекшеліктеріне қатысты «лингвомәдениеттанумен» және т.б. пәндермен ішінара шектеседі. Келесі жағынан, бейвербалды амалдардың да өзіндік қолданылу аясы мен танымдық сипатына қарай интернационалдық және жеке ұлттық болып бөлінетіндігі анықталып отыр. Мысалы, кейбір бейвербалды амал белгілі бір ұлт тіліне ғана қатысты қолданылып, сол қолданысы сол тілде ғана дұрыс, яғни орынды деп танылса, енді бір бейвербалды амалдар барлық халыққа ортақ сипатымен ерекшеленеді. Яғни бұған көбіне семиотикалық таңба-белгілерді жатқызуға болады. Жеке халықтық бейвербалды амалдарды сол халықтың тілінде сөйлейтін коммуникант қана қолданатын әрі түсінетін болса, әлгіндей

жалпыхалықтық, яғни интернационалдық сипаттағы бейвербалды амалдарды барлық халық қолдана береді және барлығына бірдей ұғынықты болады.

Асылы, кез келген ұлттың бейвербалды амалдары келесі бір халықтың бейбілдік қолданыстарынан ажыратылып тұрады, себебі халық тілінің ерекшелігі болатыны сияқты, бейвербалды амалдардың семантикасы да ұлттық дүниетанымға, мәдениетіне байланысты болады. Екінші жағынан, белгілі бір ұлттың бейвербалды амалдары екінші бір ұлттағы бейвербалды қатынас үлгілеріне ұқсауы да мүмкін. Сондықтан мұндай бейвербалды амалдар интернационалистік немесе жалпыхалықтық, яғни халықаралық, кейде универсалды бейвербалды амалдар деп түрліше аталып жүр. Түптеп келгенде, интернационалистік, халықаралық немесе универсал бейвербалды амалдар дегеніміз – бір ғана нәрсе, яғни бұған бірнеше халықтың мәдениетінде кездесетін, бірнеше ұлттың қолданысында орныққан, белгілі бір мағына беретін (көбіне ортақ мағына) бейвербалды амалдар жатады.

Бейвербалды амалдар белгілі бір халықтың коммуникативтік ерекшелігіне орай ұлттық сипат алады. Мысалы, қамшы тастау ұлттық салт-санаға қатысты сөз сұрауды білдіреді [1, 127-б.]. Демек, олар да (бейвербалды амалдар) белгілі бір халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінің көрсеткіші бола алады. Халық мәдениетінің ұлттық ерекшелігін осы бейвербалды амалдардың сипаты мен семантикасына, қолданылу аясына қарай ажыратуға болады. Сонымен қатар бейвербалды амалдар белгілі бір ұлттың дәстүріне сай сипат ала отырып, көпмағыналы да бола береді. Айталық, қамшы тастау, жоғарыдағыдай, сөз сұрауды ғана емес, контекст не жағдаят ыңғайына қарай жеңілісті, берілгендікті, өзге біреудің күші басым, ал өзінікі аз екенін мойындауды да білдіреді. Басқаша айтқанда, жалпыхалықтық сипаттағы қол көтеру кинемасымен тең мағына береді. Сол сияқты, біз шаншу салтын алайық. Бұл – қазақ халқына ғана тән бейвербалды амал. Мағынасы құда болайық дегенді білдіреді. Бұл туралы Ж. Нұрсұлтанқызы: «Қазақ халқы жолаушылап жүрген адамдарды жылы қарсы алып, сый-сияпат көрсетіп, аттандырып салатын. Біз шаншуға келгендер ешкіммен сөйлеспейді. Қандай шаруамен жүргендерін де айтпайды. Қонақасын ішкеннен кейін үн-түнсіз аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң, үй иелері сырмақ қағады. Егер сырмаққа қадалған бізді көрсе – «ұл ержетті, қыз бойжетті, қасқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, құда болайық» дегені», – дейді [2, 115-б.].

Әр халықтың өмір сүрген дәуіріне орай қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, ырым-жоралғылары, салт-дәстүрі болады, сол сияқты, қазақ ұлтының да ерте кезде қалыптасып болған мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Сондықтан әр халықтың бейвербалды амалдары сол ұлттың дүниетанымы мен мәдениетімен байланысып жатады. Мысалы, қос қолдай амандасу, қамшы тастау, иіле сәлем салу, т.б. амалдар қазақ халқына тән ұлттық бейвербалды элементтерге жатады. Ал басын шайқау немесе изеу, қол бұлғап шақыру, мұрнын шүйіру сияқты ым-ишарат түрлері – жалпы адамзатқа ортақ амалдар. Сондықтан кейде адамдардың қимыл-қозғалысы мен ишаратына, ымдау үлгілеріне, мимикасы арқылы олардың қай ұлтың өкілі екенін де шамалауға болады. Жоғарыда келтіргеніміздей, белгілі бір ұлтқа тән осындай бейвербалды амалдар негізінде сол ұлттың тілінде тұрақты тіркестер қалыптасып, олардың (фразеологизмнің) семантикасы орнығып қалады. Осыған орай бейвербалды амалдар қазақ мәтіндерінде кейде адамның қимыл-қозғалысы ретінде емес, сөйлеген сөзінде де ұшырасып жатады.

Қазақ мәтіндерінде кездесетін ұлттық нышандағы дәстүрлі бейвербалды амалдардың дені мынадай болып келеді: қамшы тастау, қамшымен соғу, саусағымен бетін сызу, бетін шымшу, көзін төмен қарату, иіліп сәлем салу, топырақ шашу, дауыс салу (жылау), сыңсу, әйелдің шашын жаюы, сәлемдесу кезінде тізе бүгу, қолын кеудесіне қою, т.с.с. Мысал келтірейік:

1. *Анау шынтақтап көлбей жатқан аққұба келген, ат жақты жігіт Шәкәрім де кеудесін көтеріп, малдас құрып отырды* (Ә. Ыбырайымұлы).

2. – *Арсыз ба, Бұқареке! – деді Науан ұста қос қолын кеудесіне қойып* (І. Есенберлин).

Бұл мысалдардағы малдас құрып отыру, қос қолын кеудесіне қойып амандасу тек қазақ ұлтына ғана тән. Қазақ халқының ертеден мал шаруашылығымен айналысып, төрт түлікті күнкөріс көзі ретінде бағалағаны мәлім. Сондықтан жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүрген ұлт өкілдері киізүйді баспана, жылқыны көлік етті. Осыған орай жерде тамақтанып, жерде пікірлесті. Сөйтіп, жерде отыруға ыңғайлы әдісті, малдас құрып отыруды, әдетке айналдырды. Екінші жағынан, малдас құрып отырған адам бойын тік ұстайды, пікірлесу барысында оң-солына бұрыла қарауға да ыңғайлы. Дегенмен малдас құрып отырудың қазақ халқына тән дәстүрлік сипат алғанына қарап, оны бейвербалды амалға жатқызуға келмейді. Себебі бейвербалды амалда қандай да бір ақпараттық мән болады. Ал малдас құрып отыруда мұндай ақпараттық сапа жоқ. Алайда қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарды зерттеушілердің кейбірі осындай ақпараттық сапаның бар-жоғын ескермей, мұны бейвербалды амалдар қатарына жатқызып жүр.

Ал екінші мысалдағы қос қолын кеудесіне қойып амандасу кинемасында ақпараттық мән бар. Қазақ халқында жасы үлкендерге немесе дәрежесі жоғарыларға құрмет белгісі ретінде осылай амандасу дәстүрі күні бүгінге дейін сақталған. Сондықтан мұнда ақпараттық сапа да бар.

Қос қолында құндақтаулы екі сәбиі бар келіншек пен егделеу тартқан үш адам, олармен бірге орны толмас Тұраржанының досы Ерік жанына келіп дауыстай сәлем бергенде, ұйқыдан оянғандай селк етті де, жүзін төмен салып мұңданған бейтаныс келіншек пен әлсіз қыбырлаған қос құндаққа кезек қарап, жынды адамша аңырайып отыра берді (Р. Ғайып).

Бұл мысалдағы селк ету кинемасы мен аңырая қарау окулесикасы универсалданған бейвербалды амалдар болса, дауыстай сәлем беру просодикасы мен жүзін төмен салу окулесикасы – ұлттық сипат алған бейвербалды амалдар. Себебі халқымызда үлкен адаммен амандасқанда сәлемдесудің акустикалық жағына айрықша мән берілетін болған, яғни дауыс қаншалықты қаттырақ шықса, сәлемдесушінің ол адамға деген құрметінің өлшемі тәрізді қабылданады. Ал жас келін, қыз, жалпы әйел затының бейтаныс ер адамдар арасында немесе сәлем салғанда жүзін төмен салуы, тіке қарамауы – халқымызда әбден қалыптасқан дәстүр. Мұның астарында құрмет, иба, ұяндық сапалары жатыр. Сондықтан әйел затының бұл окулесикасы халық арасында ұлттық ерекшелігін танытатын мәдениетіне айналған. Қазақ әйеліне қатысты ұлттық ерекшеліктер жөнінде арнайы зерттеу жүргізген А. Байғұтова біздегі әйел затының мәдениетке негізделген артықшылықтарын жан-жақты қарастырған [3].

Сәлемдесуге қатысты ұлттық просодикаға және бір мысал:

Анадайда мың қаралы қойды өргізіп қойшы барады. Мұны көріп бері бұрылған. Аяғына қалың саптама, үстіне су өткізбес тері тон киген ол келген бойдан-ақ даусын соза амандасты да:

– *Жаз айында тон жамылдырғандай не болып кетті, байеке? Бұрын-соңды мұндай құбылыс болып па екен, білмедіңіз бе?* – деген (Р. Ғайып).

Жалпы, қазақ халқының дәстүрі бойынша, қолын кеудеге қойып амандасу жасы үлкенге ғана емес, сонымен бірге көпшілікпен жалпылай амандасу мезіреті ретінде де жасалады. Мұндайда адресант «орта толсын» немесе «ассалаумағалейкум» деп, жағдаяттағы мезгілге орай «кеш жарық» деп дауыстап, көпшілікке қарата басын изейді.

Және бір мысал:

Ол жүгініп отыра қалып, тымағын алдына тастай салды:

– *Ана жылы сендер Қарқаралыға келе жатыр деп, қалың Арғынның аяғынан тік тұрғаны бекер ме?*

Мұндағы тымағын тастай салу кинемасы көбіне-көп интернационалдық сипаттағы қалпағын алумен сайма-сай келеді. Себебі мұндағы қалпақты бастан сыпырып тастау қимыл-

әрекеті амалы қалмағандық белгісін білдіреді және қай халықта болмасын көбіне-көп дәл осы семантикада қолданылады. Мысалдағы отыра қалған адресанттың тымағын сыпырып алып, алдына тастай салғанына қарап-ақ адресат ретіндегі оқырман қауым оның қайрансыз өкінішке берілгендігін, яғни салы суға кеткендігін ол жайынан дыбыстап сөйлеуге дейін-ақ хабардар бола алады.

Ендеше қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты, бейвербалды амалдардан да ұлттық ерекшелік көрініс береді. Ұлттық-мәдени негізді бейвербалды амалдардың семантикалық астарында сол халық өмірінің барлық қыр-сыры сақталған. Сондықтан ұлттық-мәдени негізі бар бейвербалды амалдар этносымыздың ділдік ерекшелігін сіңірген ең басты деген мәдени байлығымызға жатады.

Осындай ерекшеліктеріне байланысты қазақ халқының дәстүрлік бейвербалды амалдары танымдық (когнитивтік) тіл білімінің, этнолингвистиканың нысаны ретінде қаралып жүр. Себебі, жоғарыда айтылып өткендей, бейвербалды амалдардың, оның ішінде дәстүрлік бейвербалды амалдардың семантикасы жайдан-жай қалыптаспайды. Ондағы семантика халықтық ойлау жүйесімен, дүниетанымымен байланысып, белгілі бір символдық мәнге ие болады. Сөйтіп, тұтас бір ұлттың тіл қолданудағы тәжірибесі негізінде орнығып, коммуникативтік сипат алады. Кейін келе дыбысталу формасы жағынан да тұрақтап, фразеологизмдерге айналады. Яғни белгілі бір ақпараттық ауқымы бар ұлттық код есебінде қалыптасады.

Төрдегі қабат-қабат салынған мол көрпешенің үстінде жиыны он шақты ақсақал екі иіні салбырап, бес күннің ішінде қатты шөгін, арса-арса болған Сабыр қартты айнала отырысыпты (Р. Ғайып).

Бұл мысалдағы екі иіні салбырау кинемасы да – жалпыхалықтық сипат алған бейвербалды амал, адамның төрде отыруы, қабаттала төселген көрпеше үстінде отыруы – ұлттық ерекшелікке байланысты қалыптасқан проксемикалар. Халқымыз қадірлі адамды (қонақ атаулыны қадір тұтқанын ескере отыру қажет) үнемі төрге шығарып, жасының үлкендігіне қарай астына бірнеше көрпешені қабаттап төсейтін болған. Екіншіден, үйдегі адамдардың бір адамды айнала қоршай отыруы да – ортадағы адамға деген құрмет белгісі ретінде қалыптасқан проксемика. Алқалы жиын, айтулы отырыстарда ортада үнемі ең қадірлі деген ақсақалдар мен ел ағалары отыратын болған. Сондықтан халқымыз адамның кеңістіктегі орналасу орнына ерекше мән беріп, қатаң түрде сақтап отырды.

Мұндай проксемиканың әлеуметтік жағынан артықшылықтары да бар. Атап айтқанда, бұрын жүзтаныс болмаған атақты би не шешенге, әнші-жыршыға сәлем бере келген қонақ ол адамды осындай проксемикалық таным бойынша ажыратып, тікелей өзіне келіп қолын алып отырған, т.б.

Жасы тоқсанның үстіне шыққан Бегім қария жұдырықтай гана басының төменгі бөлігіне ерекше қалың біткен сақалын таспигын салбыратқан күйі екі-үш мәрте саумалап қойып сөзін әрмен сабақтады (Р. Ғайып).

Әлдене жайында сөйлеуге ниеттенген үлкен адам көбіне осылай сақалын саумалау арқылы алдын ала белгі беріп отыратын болған. Бұл кинеманың кинема әдетте көпмағыналы болып келеді. Мысалы, сақалын саумалау не тарақтай отыру айтылып жатқан әңгімені ұйып тыңдап отырғандықты білдіреді, кейде сақалын саумалап отырған адам әлдене жайлы терең ойға берілген болып есептеледі де, өзгелер тыныштық сақтап, оның ойын бөліп жібермеуге тырысады. Сондықтан сақалын саумалау кинемасының да әлеуметтік мәні үлкен. Бұл айтылғандармен қоса сақалын саумалау кинемасы ұлттық дәстүрге негізделген бейвербалды амалға жатады.

Әлия сол күні басына орамал тартып, Сабырдың келіні атанып шыға келді де, бойына жігер біткен жүдеу қарт қайта түледі (Р. Ғайып).

Қазақ халқының дәстүрінде қыз бала басына бөрік не қыз балаларға арналып тігілген тақия киген. Ал орамал тарту – келін болғандықты білдіретін сенсорлық амал. Әйел затының бас жапқышы онан әрі кимешекке ұласады. Яғни жасы ұлғая келе әйелдер орамалын кимешекке ауыстыратын болған. Бұл үрдіс қазақ халқына ислам дінімен қатар келгенге ұқсайды. Себебі ислам дінінің талабы бойынша, әйел заты жұртшылық алдында жалаңбас жүрмеуі тиіс. Сондықтан кимешек киюді діни салтқа байланысты қалыптасқан сенсорлық амал деп есептейміз.

Ғалым А. Исламның пікірінше, «...ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін айқын көрсетер белгілердің бірі – этномәдени белгілер. Олар жалпы ритуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этномәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған» [4].

Ғалымның бұл пікірімен келісе отырып, қазақ мәтіндерінде кездесетін дәстүрлік бейвербалды амалдардың дені осылай діни сенімге негізделетінін айрықша атаймыз. Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне 13 ғасыр өткендіктен, діни сенімге байланысты қалыптасқан ғұрыптар күнделікті өмірімізде үлкен маңызға ие болып, келе-келе ұлттық құндылықтармен араласып кетті. Сондықтан діни ғұрыптарға қатысты бейвербалды амалдар қазірде қазақ халқының дәстүрлі амалдары ретінде қабылданатын болды. Солардың бірі – намаз оқу.

Намаз оқыған адам сүрелерді айтумен қатар белгіленген тәртіпте арнайы қимылдар жасайды. Бұл қимылдардың, бір қарағанда, ақпараттық сапасы жоқ сияқты көрінуі де мүмкін. Алайда намаз оқу сәтіндегі әрбір қимыл-қозғалыс адамның Жаратушыға деген мойынұсынуын, ұйғандығын білдіре отырып, құлшылық кинемалары ретінде қабылданады.

Халқымыз ислам дінін қабылдағанға дейін, қазақ даласында тәңірлік сенім болған. Осы кездегі наным-сенімге байланысты сақталған бейвербалды амалдар да ұлтымыздың дәстүрлерінен хабар береді. Мысалы:

Осы кезде дене шымырлатар ащы өксік естілді де, соңы солқ-солқ жылау мен қаралы дауысқа ұласып кетті. Әдепкіде өзім екен деп қалған Сабыр селк етіп, көзін ашып алды (Р. Ғайып).

Бұл мысалдағы селк ету кинемасы жалпыхалықтық сипат алған, ал өксі жылау, солқылдай жылау, дауыс салып жылау сияқты просодикалар – қаза жөнелту дәстүріне орай қалыптасқан бейвербалды амал. Қазақта қаза соңында әйелдер жағы бүйірін таянып, шашын жайып дауыс салатын болған. Сондай-ақ алыстан қазаға арнайы келген ағайын да (ерлерге де қатысты) үйге сонадайдан дауыс салып келетін болған. Зерттеуші А. Байғұтованың пікірінше, «...көне түркі кезеңі саналатын V-VIII ғасырларда түркі тайпалары қайтыс болған адамға қатты қайғырып, «өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған» [3, 28-б.]. Бұл әдет «өлген адамның соңында қалып сүрген өмірден не қайыр?» деген ауыр қайғыдан қалыптасқанға ұқсайды [5, 12-б.].

Алайда әйелдер жағының теңселе жылауы немесе шашын жая жылауы қайтыс болған адамның туыстық жағынан сол әйелге кім болып келетініне байланысты. Асылы, жасы келген қария адам дүние салғанда, шашын жайып, теңселе жылау дәстүрі қазақта жоқ.

Бір-бірінен шашау шықпай тұтасымен мимырт аяңдаған топ Сабыр ақсақалдың еңселі келген үйінің кең ауласына енуге де шақ қалды (Р. Ғайып).

Мысалдағы мимырт аяңдау кинемасы әлдеқандай күйзелістен хабар береді. Үзінді алынған мәтін мазмұны бойынша, ауыл үлкендері Сабыр қарттың үйіне қазаны естіртуге бара жатыр. Әдетте, қазақ халқында ауыр қайғыны естірту кезінде үлкендер өздерін аса сабырлы қалыпта ұстайтын болған. Себебі жақыны қаза болған үйдің алдын ала секем алып қалмауын ескеріп отырған. Осы түсінік халық дүниетанымында берік орнап, дәстүрге айналды. Бұл дәстүр қазіргі күнге дейін бар. Ескеретін мәселе – ақырын барып, бапшен естірту дәстүрі мүмкін болған жағдайда ғана жүзеге асып отырған. Ал жаугершілік сияқты қысылтаяң жағдайда алыстан аттандай шауып келген. Егер үй іші қазаны естіген болса,

алыстан ат қойып, бауырымдап шабатын болған. Ескеруге тұрарлық келесі мәселе – алыстан аттандап шабу ел шетіне жау тигенде де қолданылып отырған. Бұл кинеманың осындай көпмағыналығына орай халқымыз алыстан ат қойғанда ауыл жұртын үрейлендіріп алмас үшін хабардың жағымды-жағымсыздығына қарай не аттандап, не сүйіншілеп шабуды дәстүрге айналдырғанын аңғару қиын емес.

Жалпы, қазақ дәстүрінде алыстан ат қоюдың осындай жаманат хабармен байланысы болғандықтан, жолаушылар ауылға атпен кірмей, жақындай бере аттан түсіп, жаяулап келіп кіру әдетін қалыптастырды.

Ұлттық дәстүр бойынша, адамдар сәлемдескен кезде де атынан түсіп, жаяулап келетін болған. Мысалы:

Аттан түсіп әкесіне сәлем берген Ерден бірден келген шаруасына көшті (Р. Ғайып).

Ұлттық бейвербалды амалдар адамдардың түрлі эмоцияға берілген сәттерінен де аңғарылып қалып отырады. Мысалы:

– Алса, анасын алды, бірақ мен бармын – әкесі бар!.. – деген күйі жұдырығымен кеудесін ұра ытқып кетті (Р. Ғайып).

Осындағы кеудесін ұру кинемасы – ер адамдарға тән қимыл. Қазақы дәстүрде ашулану эмоциясы кезінде қолданылады.

Айнала тегіс алақанға салғандай көрініп, таң әбден атқанда, биік шоқының етегіндегі діңі қой беліндей жуан болғанмен, ұйыса өскен қалың бұтақтары күшті желдің екпінімен батысқа қарай басын иген жалғыз түп кәрі ағаштың түбінде үзіліп түскен күзгі жапырақтай қалбаңдаған қарт тұрды. Жаңа бір әзірде гана үйінен арнайы алып шыққан ақтығын байлаған. Бұл күндері қанша жылдар бойына тұтас ауыл болып ақтық байлаумен келе жатқандықтан, мың сан бұтаққа біткен қалың жапырақпен араласа әбден ұйысып кеткен жықпыл арасынан дәл осы кезде әлдеқандай бір құс атқып шығып, қанатын жылдам-жылдам қақты да, көз ұшында ноқатқа айналып барып гайып болды (Р. Ғайып).

Бұл мысалдағы ақтық байлау да дәстүрлік сипатта. Қазақ танымында айдалада өскен жалғыз ағашты киелі тарақ танып, бұтағына ақтық байлау дәстүрі бұрыннан бар және қазіргі күнге дейін жалғасып келеді. Және бір мысал:

Мінажат етіп зират басына түнеушілер бұлақ суынан дәм татпас бұрын міндетті түрде кәрі талға ақтық байлайды (Р. Ғайып).

Осындағы ақтық байлау кинемасымен қоса зират басына түнеу проксемикасы да – ислам діні келгенге дейін қалыптасқан дәстүр. Алайда зират басына түнеу проксемикасы сол зират басына түнейтін адамдарға емес, зиратқа жерленген адамға деген құрмет болып саналады. Қазақы түсінік бойынша, әулие-әмбиелердің басына барып түнеу, құрбан шалып, дұға оқу арқылы мақсат-тілегіне қол жеткізуге болады. Кейде мұндай проксемика ұрпағының баба алдындағы міндеті сияқты болып та қаралады. Мәселен, әлдеқандай қиындыққа душар болған адам өзін ата-бабасының басына барып түнеп қайтуын міндет санайды. «Мен ата-бабамды елемегендіктен, олар да мені ұмыт қалдырды, сондықтан осындай қиындықтарға тап болудамын» деген түсінік қалыптасып, ата-баба аруағы ұрпағын үнемі желеп-жебеп, жамандықтан қорғаштап жүретініне иланатын болған. Осыдан барып халық арасында өлі разы болмай, тірі байымайды деген ұстанымдар орнықты.

Мұнан байқайтынымыз – ұлттық дәстүрге негізделген бейвербалды амалдардың көбі халықтың белгілі бір замандардағы діни сенімімен байланысып жатады. Осындай наным-сенімнен халық арасында ырымдар қалыптасады. Мұндай ырымдардың да көпшілігі бейвербалды амалдармен ажырамастай бірлікте қаралады. Сондықтан ұлт дүниетанымын тануда халқымызға тән салт пен рәсім-жоралғыларға қатысты бейвербалды амалдарды зерттеуде ырым мен тыйымдардың орны ерекше.

Мысалы, халқымыз көктемде алғаш күн күркірегенде босағаға шөміш қағатын болған. Онысы – келген жыл ырысты, молшылықты болсын дегені. Мысалы:

Балсары ауыз бөлмеде ыдыс-аяқты даңғұр-дыңыр еткізіп шөмішті ала шықты. Үйді айнала жүріп: «Сүт көп, көмір аз, сүт көп, көмір аз», – деп ырым қып шөміш қағып шықты (С. Мұратбеков).

Мұндағы «сүт көп, көмір аз» дегені – халық түсінігіндегі ақ пен қара түстерді жақсылық пен жамандықпен ассоциациялаудан шыққан.

Сол сияқты, сәбилерге көз тиеді деп сенген халық адамдардың назарын сәбиге емес, басқа нәрсеге аудару үшін баланың маңдайына күйе жағып қоюды салтқа айналдырған. Кейде өңіріне не баскиіміне көзмоншақ қадап, жұрт назары сол көзмоншаққа ауады деп сенген. Енді бірде баланың баскиіміне үкі қадаған, кейде шашын тақырлап алып, айдар қалдырып отырған. Мұның астарында да жұрт көзі балаға емес, айдарына немесе үкісіне түссін, баламыз тіл-көзден аман болсын деген ниет (сенім) жатыр.

Жоғарыда келтірілген күйе жағу такесиксы үлкен адамға қатысты қолданылатын болса, көз тимесін дегенді емес, керісінше, жұрт назары осы адамға аусын дегенді аңғартады. Мұның астарында күйе жағылған адамды қорлау, жазалау ниеті жатыр. Яғни әлдеқандай себеппен жазықты болып, шектен шыққан ер мен әйелді халқымыз сиыр не есекке теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, ауылды аралатып шығатын болған. Сөйтіп, осылайша масқаралау жолымен тентектерін жөнге салып отырған. Халық арасында осындай бейвербалды амалға қатысты қара бет болу тұрақты тіркесі қалыптасқан.

Жалпы, халқымыздағы кез келген ырым мен тыйым осындай бейвербалды амалдар негізінде қалыптасып отырады. Солардың бірқатарына тоқталайық. Мысалы, жер таянба, басынды шайқама, орынсыз теңселме, жағынды таянба, тізенді құшақтама, қолыңды төбеңе қойма, т.с.с. тыйымдар бар. Осындағы жер таянба тыйымы ауру меңдеген адамның жер таянып тұратынымен, басынды шайқама тыйымы есі ауысқан адамның әрекетімен, жағынды таянба тыйымы қатты қайғыға берілген адамның әрекетімен, орынсыз теңселме тыйымы жақындары қаза болып, жалғыз қалған немесе күйеуі қаза болып, жесір қалған адамның күйзелісімен, тізенді құшақтама тыйымы ұрпақсыз қалып, тізесін құшақтап отыратын адамның әрекетімен, қолыңды төбеңе қойма тыйымы қорлық көрген адамның әрекетімен ассоциацияланып отыратын болған. Осыған байланысты қатты қапаланған немесе ауыр қайғы көрген адамның жасайтын әрекеттерін өзгелердің жайшылықта қайталамауына ерекше көңіл бөлініп, тыйым сөздер қалыптасты. Мұнан халқымыздың бейнелі ойлау жүйесі мен дүниетанымы, қоршаған ортаны интерпретациялау арқылы әлемнің тілдік картинасын беру машығы анықталады.

Ал үлкеннің жолын кеспе тыйымы, біздіңше, фразеологиялық тіркестен қалыптасқанға ұқсайды. Қазақ халқында «ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» деген ұстаным бар. Мысалы, үлкеннен бұрын тамақтан ауыз тию, үлкен адаммен жарыса сөйлеу әрекеттері үлкен адамның жолын кесу болып саналады. Сондай-ақ үлкен адамның қарсы алдынан кесіп өту дөрекілік, мәдениетсіздік болып саналады. Осы жағымсыз қасиеттердің барлығы тұтаса келіп, үлкеннің жолын кеспе бейвербалды амалының қалыптасуына негіз болған деп тұжырымдаймыз. Қазақы дәстүрде әйел адам ер адамның алдында жүрмейді, сондай-ақ ер адамның жолын кесіп өтпейді. Мысалы:

Қыз Мүсірепті көрді де тұра қалды. Еркек алдынан өтпейтін салты бар екен (Ғ. Мүсірепов).

Адамды санама тыйымының қалыптасуына жаугершілік замандағы әдет негіз болған. Ұрыс соңында екі жақтың әскері де шығындарын есептесетін болған. Ол үшін, әрине, өлілер мен жаралыларды санап шыққаннан тірілерді санап шығу уақыт жағынан да тиімді. Сөйтіп, әскердің қаншасы өліп, қаншасы тірі қалғаны анықталып отырған. Соғыс, қантөгіс уақытымен ассоциацияланатын бұл бейвербалды амал кейін келе тыйым сөз ретінде қалыптасты.

Түнде күл шығарма тыйымы халықтық сенімге байланысты қалыптасқан. Өйткені қазақ халқының наным бойынша, күл төккен орында жын-жыбыр жүреді. Беймезгіл уақытта барған адам олардың мазасын алған болып шығады да, олар сол адамға қандай да бір зиянын тигізеді-міс. Осыған орай халқымыз күлді жамандықпен ассоциациялап отырған.

Бұлардан байқайтынымыз – дәстүрлік бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді. Осыдан келіп зерттеуші Ж. Нұрсұлтанқызы бейвербалды амалдарды семантикалық аспекті аясында ғана қаруды жеткіліксіз санайды, зерттеушінің пікірінше, бейвербалды амалдардың лингвистикалық табиғатын терең түсіну үшін танымдық қырынан қараудың берері мол. Сонымен қатар зерттеуші кез келген бейвербалды амалдың семантикасын жете түсіну үшін коммуниканттарда сол жөнінде білім қоры болуы қажет деп есептейді [6, 19-б.].

Бейвербалды амалдардың астарында ұлт мәдениеті, таным-түсінігі жатады. Жоғарыда бұларды (бейвербалды амалдарды) ұлттық код есебінде қарастыруымыздың себебі осыған байланысты. Ұлттық бейвербалды амалдардың барлығында да қоршаған әлемді танудың үлгісі, бейнелі ақпараттар болады.

Ұлттық дәстүрге қатысты бейвербалды амалдардың енді бірі – бата. Бата қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде айрықша маңызға ие. Бұған халық арасында қалыптасқан мынадай нақылдар дәлел болады: жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер; батасыз ұл жарымас, баталы күл арымас, т.с.с.

Көркем мәтіндегі бата беру үлгісі:

– *Сөз-ақ, шіркін, кіндік шешеден есім иеленген нәресте шын-ақ бақытты шығар. Оның үстіне халық сыйлаған анадан ақ бата алса...*

– *...Пейіліңізге сендім, перзентіңіздің пешенесіне пендешілік сыймаған, Жаратушы оған тек перизаттық сыйлаған. Алды – бақ, соңы абырой болғай, өтсе-дағы не заман. Осыған сіз де иланыңыз (Р. Ғайып).*

Әдетте, бата берілгенде, қол жайылып, Жаратушыдан демеу сұралады. Бұл кинема, бір жағынан, намаз не дұға оқылған кездегі кинемаға да ұқсайды. Алайда намаз оқу мен дұға оқу кезіндегі қол жаю кинемасы ислам дінімен тығыз байланысты болса, бата берудегі қол жаю кинемасы онан гөрі өзгешерек. Ұқсастық бейвербалды амалдың формалық жағында көп, ал мазмұндық жағында аздап айырма бар. Басқаша айтқанда, бата беру көбіне ұлттық дәстүрге қарай бейімделген.

Халық салты бойынша, батаның екі түрі бар. Бірі оң бата болса, екіншісі – теріс бата. Жоғарыда келтірген мысалдағы бата – оң бата.

...*Әмірге Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Намаздағыдай мінажат қимылын, суық тілек қимылын жасады. Әмір мен Абайға қатар созды. Бұл – теріс батаның, қарғыс батаның белгісі (М. Әуезов).*

Байқап отырғанымыздай, Құнанбай адресаттарға деген қатынасын білдіруде дыбыстық тілді қолданбайды. Оң бат берілгенде алақан көкке қаратылса, теріс батада алақан жерге қаратылады.

Белгілі бір мәдениеті қалыптасқан қандай да бір ортада туып, сонда өскен кез келген адам сол ортаға тән, сол ортаның танымдық тәжірибесі мақұлдаған, көпшілік жұрт қолданатын кинемаларды қолданады. Осыған орай әрбір ұлтта немесе этникалық ұжымда кинемаларды қолданудың арнайы әдісі болады. Бейвербалды амалдар осындай қолдану әдісіне қарай жұмсалады және сол арқылы синонимдігі мен көпмағыналығы, жалпы, дыбыстық тілдегі баламасы анықталып отырылады.

Бейвербалды амалдарды қолданудағы осындай межелер арқылы коммуниканттар арасында ортақтасу психологиясы жүзеге асып, белгілі бір ұлт өкілдерінің өзара түсінісіне жол ашылады. Мұндай бейвербалды амалдар айтылыстың әсерін не арттырады, не

әлсіретеді, сөйтіп, коммуниканттардың сөйлеу барысындағы ниетін, нені айтқысы келгенін айқындауға ықпал етеді [7, 19-б.].

Халқымыздың дәстүріндегі ет турау, қонақтарға мүше үлестіру салтының да бейвербалдық мәні бар. Айталық, басты әкесі жоқ адам ғана ұстаған. Оның мәні «алдымда үлкенім жоқ, не жағдайды да өзім шешуге бел буған адаммын» дегенге саяды. Ал құлақты кесіп балаға берудің мәні – балалар құймақұлақ, тілалғыш болсын, естіген нәрсесін ұмытпасын дегені. Көзді үлкен адамға берудің мәні туралы халық арасында екі түрлі ұстаным бар: біріншісі «жастардың қателігі болса, көрмеген болыңыз, елеменіз» дегенмен барабар болса, екіншісі «осы әулетке көзісіз, сондықтан қырағы болыңыз» дегенге келеді. Сондай-ақ тілді шешен болсын деген ниетпен, таңдайды әнші болсын деген ниетпен балаға беріп отырған.

Төсті күйеубалаға тарту дәстүрі халқымызда күні бүгінге дейін бар. Бұл дәстүр қазақ халқында тым ертеде қалыптасқанға ұқсайды. Төркіні қазақ ертегілерінде жатыр. Қазіргі ғылымда қазақ ертегілерін ауыз әдебиетінің үлгісі санап, көбіне ұлттық фольклорға жатқызумен, әрі кетсе қиял-ғажайып, шыншыл, жануарлар туралы деген сияқты түрлерге бөлумен ғана шектеліп жүргеніміз жасырын емес. Бұл мәселе ұлттық фольклорымыздың тиісті межеде зерттелмей келе жатқанын көрсетсе керек. Шындығында, ертегілер этнографиялық, этнолингвистикалық бағытта зерттеліп, филологияға да, мәдениеттануға да нысан болуы қажет.

Халқымыздың ауыз әдебиеті үлгісіндегі «Ер Төстік» ертегісіне тоқталайық. Ертегі мазмұнын көбіміз білеміз. Алайда көңіл аударарлық бір деталь бар. Ол – Төстік батырдың дүниеге келуінің алғышарты. Ертегі сюжеті бойынша, Төстік анасының төс жегенінен кейін дүниеге келеді. Анасы үйде қалған төсті асып жеген соң, бойына ғайыптан перзент бітеді. Басқаша айтқанда, Төстік батырдың туылуына төс уәж (мотивация) болып отыр. Енді қазақ дәстүріндегі төсті күйеубалаға тарту дағдысымен салыстыралық. Кейде төсті келінге де ұсынып жатады. Күйеубала мен келін, екеуінің қай-қайсысы да – ұрпақ әкелуші нысан. Егер байыптай қарайтын болсақ, малдың төсінде адамның дүниеге ұрпақ әкелу, перзент сүю мүмкіндігін арттыратын себеп бар сияқты. Ал оны (төсті) зертханалық зерттеу жұмысы бізде қолға алынбаған. Айналып келгенде, төс майының құрамында адам баласының перзент сүю мүмкіндігін еселейтін әлдеқандай ерекшелік болуы ғажайып емес.

Бұл айтылғандар – бірінші жағы. Екіншіден, күйеубала мен келінге төс тартудың мәнін қазірде ешкім де жан-жақты түсіндіріп бере алмайды. Ал ұлттық дәстүрдегі бейвербалды амалдардың жайдан-жай қалыптаса салмайтыны, олардың қандай да бір мотивациясы, яғни халық дүниетанымында ақиқат деп таныған шындықпен, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесімен байланысып жататыны түсінікті. Осыған қарағанда, күйеубала мен келінге төс тартудың алғышарты төс майының немесе кемігінің құрамында жоғарыда айтылғандай қасиет жатқанға ұқсайды. Осы қисынға салатын болсақ, халқымыздағы күйеубала мен келінге (көбіне күйеубалаға) төс тартудың дыбыстық тілдегі баламасы «перзентті болыңдар, балаларың көп болсын, біз сендердің көбейгендерінді қалаймыз» дегенге жуықтайды.

Бұл мысал – қазіргі кезде мотивациясы, қалыптасу төркіні ұмытылған дәстүрлік бейвербалды амалдардың біреуі ғана. Арнайы зерттеу жүргізіп, анықтауды қажет ететін болса, уәжі күңгірттенген немесе біржола ұмыт болған мұндай мысалдың талайын табуға болады. Мұнан шығатын түйін – тек бейвербалды амалдардың ғана емес, ұлттық құндылыққа жататын талай ақиқаттың бастауы, алғышарты қазақ ертегілерінде жатыр. Сондықтан ұлтымыздың фольклорлық мұраларын зерттеуде дәстүрлі принциптің жеткіліксіз екенін, этнографиялық, этнолингвистикалық, когнитивтік, антропоцентристік бағытта қарастырудың берері көп болатынын алға тартамыз.

Осыған ұқсас тағы бірер мысал келтіре кетелік. Мәселен, қазақ қоғамында төс түйістіре амандасу дәстүрі бар. Мұның төркіні «біз бөтен емеспіз, бір негізден шыққан туысқанбыз»

дегенге келетін сыңайлы. Екіншіден, құда болған адамдар арнайы түрде төс қағыстыру рәсімін жасап жатады. Мұның мәні де осымен төркіндес, «мұнан былай екеуіміздің мүддеміз де, тілегіміз де бір» дегенге келеді.

Бір қызығы, қазірде бұл рәсімдердің дәстүрлік сипатта екенін білгенімізбен, неден шыққанын ажырата бермейміз. Тіпті, этнографиялық еңбектерде де бұл үрдістердің қазақ мәдениетін танытатын дәстүр екенін, құрмет белгісі болып есептелетінін келтірумен ғана шектеледі.

Бір халық пен екінші халық қолданысындағы бейвербалды амалдардың семантикалық жағынан түйіспеуі – заңды құбылыс. Өйткені әр халықтың мәдениеті мен қоршаған ортаны тану, тіл арқылы бейнелеу машығы сол халықтың дүниетанымымен байланысып жатады. Ол екеуін (бейвербалды амал мен ұлттық дүниетанымды) бір-бірінен ажырата қарауға мүлде келмейді. Осы орайда зерттеуші Е.Адаеваның мына бір пікірі орынды айтылған: «Киноаудармасында мәтін ақпаратын кескіндеумен де байланыс болу қажет, яғни вербалды және бейвербалды құралдар көріністеріне бірдей назар аудару керек. Алайда түпнұсқа тіліндегі фраза ым-ишаратпен қабаттасып келсе, эквивалент табу қиынға соқтырады. Әр түрлі мәдениет өкілдерінің ым-ишаралары сәйкес келе бермейді» [8, 101-б.].

Зерттеушілер А.Н. Муратова, У.М. Бахтикереева, Ш. Мажитаева: «Бейвербалды тілдесімді зерттеушілердің еңбектерінде адамның қоғамдағы әлеуметтік ортасына, мәдениетіне, салтына байланысты қолданыс аясы, атқаратын қызметі де әртүрлі болып келеді» - дегенді айтады [9, 43-б.].

Зерттеушілер Г.С. Сағидолда, Г.А. Әбдімәулен: «Әлемдік проблемалардың жаһандануы, мұнда әртүрлі халықтардың сан алуан мәселелерді шешудегі әмбебаптық және өзіндік ерекшелігін ескеру, мәдениетаралық түсініспеушілікке жол беретін жағдаяттардың алдын алу қажеттілігі, коммуникативтік әрекеттің негізінде жататын мәдени құндылықтардың нақты мәнін айқындаудың қажеттілігі лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулердің өзектілігін айқындайды» - дейді [10, 11-б.].

Зерттеушілер А. Келмағанбетова, Ш. Мажитаева, Б. Аязбаева, С. Рахымберлина, Ж. Қадыровтар: «Қарым-қатынас әр адамның өмірінде маңызды рөл атқаратындықтан, қарым-қатынасыз әлемді елестету қиын. Өйткені, вербалды да, бейвербалды да қарым-қатынас адам баласы пайда болғаннан бері адамдар арасында пайда болып, дамып келеді. Сонымен бірге коммуникативті өзара әрекеттесу кезінде вербалды байланыс вербалды емес ақпаратпен толықтырылып, толыққанды қарым-қатынастың негізін қалады» [11, 2506-б.].

Ендігі бір мысал – ат құйрығын (кекілін) кесу фразеологизмі. Бұл фразеологизмнің төркіні бейвербалды амалда жатқаны күмән тудыра қоймас. Семантикасы араздасу, біржола елдіктен кетісу дегенге келеді.

Ертедегі қазақ қоғамында жылқы түлігіне, әсіресе жүйрік атқа деген құрметтің қаншалықты жоғары болғаны бәрімізге мәлім. Осыған орай жылқының мүсіні мен жүрісі, тіпті, су ішіп, оттағанына дейін арнайы атау беріліп, ерекше әспеттелген. Түсіне байланысты атаудың өзі қаншама. Бір сұлу қыздың қалыңына қимайтын (халық берген баға бойынша) жүйріктердің болғаны жасырын емес. Жақсы ат міну әр қазақтың арманы болды. Ат адамның серігі, қанаты саналды. Осыған орай қалыптасқан қаншама нақыл, қаншама ғибрат бар. Енді бағамдай беріңіз, әлдекім құны осыншалықты жоғары аттың құйрығы мен кекілін кесіп кетсе, ат иесі үшін бұл үлкен қорлық болып есептелген. Құйрығы жоқ, кекілі жоқ атты ел арасына мініп, жиын-тойға бару мүмкін емес. Оның үстіне, кесілген құйрық пен кекілдің қайта жетілуіне біршама уақыт қажет. Ол екі арада қыс түсіп, той-думан уақыты өтіп кетеді. Екіншіден, халық арасында жүйрік малдың киесі мен қасиеті қылында (жал-құйрығында) деген түсінік болған. Сондықтан бәйгеге қосылатын аттың кекіліне үкі қадайтын болған.

Жүйріктің құйрығы мен кекілін кесу әрекетінің ат иесі үшін қорлық болып есептелуінің мәні осында жатыр. Ат құйрығын кесу бейвербалды амалы осылайша адресанттың адресатқа

деген жаулық ниетін, біржола бет бұрғанын білдіреді. Осыдан барып уақыт өте келе бұл бейвербалды амал халық арасында фразеологизм болып қалыптасты.

Жалпы, қазақ халқы қолданатын фразеологизмдердің уәжі жайлы зерттеу ол зерттеушіден халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрі, мәдениеті, наным-сенімі жөнінде айтарлықтай білімді болуын қажет етеді. Бірақ мұнан фразеологизм атаулының қалыптасуына тек қана бейвербалды амалдар ықпал етті деуге негіз жоқ.

Жалпы мақалада талдауға байланысты мынадай нәтижелерді көруге болады. Қазақ халқының дәстүрлік бейвербалды амалдары танымдық (когнитивтік) тіл білімінің, этнолингвистиканың нысаны ретінде қаралып жүр. Себебі, жоғарыда айтылып өткендей, бейвербалды амалдардың, оның ішінде дәстүрлік бейвербалды амалдардың семантикасы жайдан-жай қалыптаспайды. Ондағы семантика халықтық ойлау жүйесімен, дүниетанымымен байланысып, белгілі бір символдық мәнге ие болады. Сөйтіп, тұтас бір ұлттың тіл қолданудағы тәжірибесі негізінде орнығып, коммуникативтік сипат алады. Кейін келе дыбысталу формасы жағынан да тұрақтап, фразеологизмдерге айналады. Яғни белгілі бір ақпараттық ауқымы бар ұлттық код есебінде қалыптасады. Мұнан байқайтынымыз – ұлттық дәстүрге негізделген бейвербалды амалдардың көбі халықтың белгілі бір замандардағы діни сенімімен байланысып жатады. Осындай наным-сенімнен халық арасында ырымдар қалыптасады. Мұндай ырымдардың да көпшілігі бейвербалды амалдармен ажырамастай бірлікте қаралады. Сондықтан ұлт дүниетанымын тануда халқымызға тән салт пен рәсім-жоралғыларға қатысты бейвербалды амалдарды зерттеуде ырым мен тыйымдардың орны ерекше. Сонымен бірге дәстүрлік бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді.

Қорытынды

Дәстүрлік бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді. Бейвербалды амалдардың, әсіресе ұлттық сипаттағы дәстүрлік бейвербалды амалдардың уәжін білмеу тілдік тұлғаның (адамның) құрылымдық деңгейіне қатысты деп білеміз. Орыс тіл білімінің маманы Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлғаны құрылымдық үш деңгейге бөліп қарастырғаны белгілі. Мұны қазақ тіл білімінің мамандары да қолданып жүр. Ол құрылымдық деңгейлердің біріншісі – вербалды-семантикалық деңгей. Екіншісі – когнитивтік деңгей. Үшіншісі – тілдік тұлғаның сөйлеу тілін және мәтін түзуіне себеп болатын мақсат, уәж, мүдде мен нұсқауларды қамтитын уәждік деңгей. Бұл – прагматикалық тұрғымен өлшенеді.

Бұдан шығатын қорытынды, вербалды-семантикалық (нөлдік) деңгейдегі тілдік тұлға (адам) тілді көбіне сөз бен сөз тіркесі деңгейінде ғана біледі, солардың негізгі мағыналарымен ғана шектеледі. Ал когнитивтік деңгейдегі тілдік тұлға (адам) сөзді, тұрақты тіркестерді, бейвербалды амалдарды дұрыс түсінеді әрі өзі де еркін қолданады, алайда, жоғарыда келтіргеніміздей, уәжін (мотивациясын) түсіндіріп бере алмайды. Уәждік (прагматикалық) деңгейдегі тілдік тұлға (адам) фразеологизмдер мен бейвербалды амалдарды түсініп әрі пайдаланып қана қоймай, олардың уәжін, шығу, қалыптасу төркінін де түсіндіріп бере алады. Себебі мұндай тілдік тұлғада (адамда) халықтың дүниетанымы мен тәжірибесі жайында білім қоры мол болады.

Қазіргі кезеңде тілді тұтынушы адамдардың көбі, байқап отырғанымыздай, когнитивтік деңгейге сәйкес келеді. Ал тілдік тұлғаның прагматикалық (уәждік) деңгейіне, негізінен, филологиялық арнайы білімі бар адамдар мен ақын-жазушыларды жатқызамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 136 б.
2. Нұрсұлтанқызы Ж. Бейвербалды амалдар – қарым-қатынастың маңызды элементі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. – №1. – Б. 111–116.
3. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2008. – 145 б.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сипаттама): филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
5. Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 301 б.
6. Нұрсұлтанқызы Ж. Бейвербалды амалдардың танымдық табиғаты // «Социосфера» ғылыми-баспа орталығы конференцияларының жинағы. – Пенза, 2013. – №56-2. – Б. 18–20.
7. Күдиярова А.М. Ортақтасу (қарым-қатынас) психологиясы: Оқу құралы. – Алматы, Дарын, 2002. – 40 б.
8. Адаева Е.С. Киноаударманың түрлері: субтитр және дубляж // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №4 (76). – Б. 100–106.
9. Муратова А.Н., Бахтикерева У.М., Мажитаева Ш. Бейвербалды амалдардың зерттелуі және функционалдық қызметі // ҚарУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1 (109). – Б. 39–45.
10. Сағидолда Г.С., Әбдімәулен Г.А. «Бас» компонентті соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты (түркі (қазақ, татар, башқұрт) және ағылшын тілдері негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – Б. 7–21.
11. Kelmaganbetova A., Mazhitayeva S., Ayazbayeva B., Rahymberlina S., Kadyrov Z. The Role of Gestures in Communication // Theory and Practice in Language Studies. – 2023. – 13 (10). – P. 2506–2513.

REFERENCES

1. Momynova B., Beisembaeva S. Qazaq tilindegi ym men isharattyn qazaqsha-orysssha tusindirme sozdigi [Kazakh-Russian explanatory dictionary of gestures and in the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2003. – 136 b. [in Kazakh]
2. Nursultanqyzy J. Beiverbaldy amaldar – qarym-qatynastyn manyzdy elementi [Non-verbal techniques-important element of communication] // Qazaq tili men adebiyeti.– 2004. – №1. – B. 111–116. [in Kazakh]
3. Baigutova A.M. «Qazaq aielı» konseptisinin etnomadeni sipaty [Ethnocultural nature of the concept «Kazak woman»]: filol. gyl. kand. ... diss. – Almaty, 2008. – 145 b. [in Kazakh]
4. Islam A. Ulıtyq madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni sipattama) [Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative-comparative linguocultural characteristics)]: filol. gyl. dokt. ... avtoref. – Almaty, 2004. – 54 p. [in Kazakh]
5. Bozdagym. Qazaqtyn joqtau jyrlary [Kazakh mournful songs]. – Almaty: Jazushy, 1990 – 301 b. [in Kazakh]
6. Nursultanqyzy J. Beiverbaldy amaldardyn tanymdyq tabigaty [Cognitive nature of non-verbal approaches] // «Sociosfera» gylimi-baspa ortalygy konferencialarynyn jinagy. – 2013. – №56-2. – B. 18–20. [in Kazakh]
7. Kudiarova A.M. Ortaqtasu (qarym-qatynas) psihologiasy [Psychology of communication]. oqu quraly. – Almaty, Daryn, 2002. – 40 b. [in Kazakh]
8. Adaeva E.C. Kinoaudarmanyn turleri: subtitr jane dubliaj [Types of cinematography: subtitles and dubbing] // QarMU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2014. – №4 (76). – 131 b. [in Kazakh]
9. Muratova A.N., Bahtikereeva U.M., Majitaeva Sh. Beiverbaldy amaldardyn zerttelui jane funkcionaldyq qyzmeti [Research and functional function of nonverbal operations] // QarU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2023. – №1 (109). – B. 39–45. [in Kazakh]
10. Sagidolda G.S., Abdymaulen G.A. «Bas» komponentti somatikalyq frazeologizmderdin lingvomadeni sipaty (turki (qazaq, tatar, bashqurt) jane agylshyn tilderi negizinde) [Linguocultural character «Head» somatic phraseological expressions (on the basis of turkic (kazakh, tatar, bashkir) and English languages)] // Iassawi universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – B. 7–21. [in Kazakh]
11. Kelmaganbetova A., Mazhitayeva S., Ayazbayeva B., Rahymberlina S., Kadyrov Z. The Role of Gestures in Communication // Theory and Practice in Language Studies. – 2023. – 13 (10). – P. 2506–2513.